

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ
ТАБИҒАТ МҰРАЛАРЫ ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

ШАЛҚАР АУДАНЫ

XII

**ПАМЯТНИКИ ПРИРОДНОГО И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО
НАСЛЕДИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

ШАЛҚАРСКИЙ РАЙОН



УДК 902
ББК 63.2
А 37

**ЖАЛПЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН / ПОД ОБЩЕЙ РЕДАКЦИЕЙ
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
А.А. БИСЕМБАЕВ.**

**Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары
ескерткіштері. – 13 томдық. – 12 т. Шалқар ауданы - Ақтөбе 2020 ж. – 308б.
Памятники природного и историко-культурного наследия Актюбинской
области. – в 13 т. – т. 12 Шалкарский район – Актөбе. 2020 г. – 308с.**

ISBN 978-601-7950-09-4

Авторлық ұжым / Авторский коллектив:

Бисембаев А.А.
Бидағұлов Н.Т.
Баиров Н.М.
Дүйсенғали М.Н.
Кубесова Г.Т.
Мамедов А.М.
Мамиров Т.Б.
Мәден А.Т.
Мелисов Б.М.
Рахбаев К.К.
Сейлова Г.Н.
Уразова А.Б.
Уразмагамбетов Н.Н.

УДК 902
ББК 63.2

ISBN 978-601-7950-09-4

© АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АЛҒЫ СӨЗ



Тамыры тереңге тартқан қазіргі Шалқар ауданының тарихы астарлы аңыз, шерлі шежіре, елдігі мен ерлігі ұштасқан елдің өрелі ісін көруге болады. Борсық құмының етегі қыста төрт түлігіне қолайлы болса, шөлейт топырағынан шыққан тіршілік нәрі — дәмін татқанның бәрін тамсанып, талай ақын-жыршының көмейінен жыр болып төгілді. Ұлықұм мен Кішіқұм бұрыннан бабаларымыздың қыстауы болса, Жем мен Темірдің, Ор мен Електің алқабы, Мұғалжар жотасы, Ырғыз бен Нұранның саласын жаз жайлағанына тарих куәлік етеді.

Шалқар — Әбілқайыр мен Әйтеке би кеңес құрған, Қарадан Қалдыбай хан атанып, Бақтыбайы ұранға шыққан, Мөңке мен Саршонай билік айтып, Сегізбай мен Сәңкібай сөз саптаған, Арыстан мен Көтібар батырлар ту ұстап, Есет, Ақтан мен Жылқаман батырлар найза сілтеген, «Айман-Шолпан», «Сары-Қосан», «Қыз Жібек» оқиғаларына арқау болып, Ақпан мен Сарышолақ жырын, Қазанғап күйін төккен, Әлима мен Таразының зары естілген, Мырзағұл мен Нияздай тұлғалары кесімді ой білдірген топырағы киелі, Ұлықұм мен Жайықтың арасында Шалқарға шомылып, Жемге жуынған кең жайлаулы текті елдің табаны.

Кеңестік кезеңді бажайласақ, 1931-1932 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылықта нәубет шеккен Шалқар ауданы халқының да үлес салмағы аз емес. Осындай ауыр кезеңдерде Шалқар Ақтөбе облысының құрамындағы дербес аудан ретінде өзінің өндірістік, экономикалық және әлеуметтік саладағы жаңа өмірін бастайды. Деректерде 1934 жылы каучук өңдейтін зауыт, электр стансасы, наубайхана, «Красный Восток» артелі, қуаты 150 ваттық радиостанция, 2 пошта бөлімі жұмыс жасағаны айтылады.

1937-1938 жылдары жашпай саяси қуғын-сүргін басталып, тіпті қиян далада алаңсыз өмір сүріп жатқан қарапайым адамдардың арасынан да «Халық жаулары» табылып, «Жапонияның тыншысы» деген дақпыртпен ешқандай жазығы жоқтар ұсталып кетеді. Осы дүрбелеңнің аяғы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына ұласты. Бүкіл елдегідей, шалқарлықтар да майдандағы жауынгерлерге азық-түлік пен киім-кешектен қолдарынан келгенінше жәрдем көрсетті.

Бұл Социалистік Еңбек Ерлері Жұмабек Дүйісов, Смағұл Маманов, Елубай Ерімбетов, Нәби Жақсыбаев, Нағым Қобыландин, Алексей Тихонов, Ысқақ Абдулин, Ұлы Отан соғысының батырлары Ідіріс Үргенішбаев, Шамсуддин Рафиқовтер шыққан құтты өлке.

Советтік тотаритарлық заманда топ жарып, өздерінің аса біліктілігімен, асқан ақыл парасаттығымен, қажырлы қайраттарымен есімдері дүйім елге еленген Каз ССР Жоғарғы Сотының төрағасы атанған Әбидулла Биекенов, Каз ССР-ның бас прокуроры Өтеген Сейітов, атақты инженер-ғалым, Социалистік Еңбек Ері Нәби Жақсыбаев, Каз ССР-нің бас архитекторы, КСРО ғылым

академиясының корреспондент мүшесі Төлеу Бәсенов, Каз ССР-ы қаржы министрі атанған Төлепберген Төлеубаев, Каз ССР жинақ банкісінің төрағасы Нұрғали Қарасаев, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Дәулет Үмбетжановтардың кіндігі осы жерде кесілген. Шалқардың төл перзенті, әлемге танымал нейрохирург, дара тұлға, денсаулық саласының майталманы, «Әлем дәрігері», академик, бірнеше ғылымдардың докторы, профессор Серік Ақшолоақов барша қазақтың мақтанышына айналды.

Өлке төсінде атынан-ақ тарихтың ақтаңдақтары аңғарылатын Ордақонған, Ханжалы, Қыздар шыққан, Алақозы жерлері, аңызбен астасқан Сынтас, Ойыншықтаудай табиғаттың тылсым құпиялары, Балғасын, Аққолжа, Токпан тамы т.б тарихи-мәдени ескерткіштері бар.

Құрметпен
Шалқар ауданының әкімі

Жанболат ЖИДЕХАНОВ

МАЗМҰНЫ

Шалқар ауданының әкімі Ж.Ө. Жидехановтың алғы сөзі..... 4

I бөлім. Ақтөбе облысының Шалқар ауданы туралы анықтамалық мәліметтер

1.1 Шалқар ауданының табиғат жағдайы (Г.Т. Кубесова) 7
1.2. Шалқар ауданы тарихынан (А.Т. Мәден) 25

II бөлім. Тарихи-мәдени мұрасы

2.1 Шалқар ауданының археологиялық ескерткіштерінің сипаттамасы (А.М. Мамедов, Т.Б. Мамиров)..... 35
2.2. Шалқар ауданының археологиялық ескерткіштері.. 45
2.3 Шалқар өңірінің сәулет ескерткіштері (А.М. Мамедов, Қ.Қ. Рахбаев). 135
2.4. Шалқар өңірі мешіттерінің тарихы (Қ.Қ. Рахбаев)..... ..141

Қосымшалар

- Табиғат мұралары ескерткіштері
- Археологиялық ескерткіштер
- Құлпығастар және архитектуралық ескерткіштер
- Тарихи-мәдени және монументалды ескерткіштер

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие акима Шалкарского района Жидеханова Ж.О.

Глава I. Справочные сведения о Шалкарском районе Актюбинской области

1.1. Природные условия Шалкарского района (Кубесова Г.Т.)... ..	146
1.2. Из истории Шалкарского района (Маден А.Т.)... ..	165

Глава II. Историко-культурное наследие

2.1. Характеристика памятников археологии Шалкарского района (Мамедов А.М., Мамиров Т.Б.).....	175
2.2. Археологические памятники Шалкарского района....	186
2.3. Памятники архитектуры Шалкарского района (Мамедов А.М., Рахбаев К.К.).....	273
2.4. История мечетей Шалкарского края (Рахбаев К.К.).....	280

Приложения

- Памятники природного наследия
- Археологические памятники
- Кулпытасы и памятники архитектуры
- Историко-культурные и монументальные памятники